

**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу және
Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 20 қарашадағы № 276 өкімінің
күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 907
Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануы тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мына актілеріне өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі № 839 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 10, 92-құжат; № 32, 339-құжат; 2003 ж., № 9, 92-құжат; 2004 ж., № 14, 171-құжат; № 51, 671-құжат; 2005 ж., № 43, 573-құжат; 2006 ж., № 35, 374-құжат; 2007 ж., № 3, 36-құжат, № 24, 268-құжат; 2008 ж., № 4, 43-құжат; № 20, 182-құжат; № 42, 465-құжат; 2009 ж., № 10, 48-құжат; № 27-28, 234-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Тәжин - Қазақстан Республикасы Президентінің
Марат Мұханбетқазыұлы көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің
хатшысы;

Нұрпейісов - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет

Қайрат Айтмұхамбетұлы істері агенттігінің төрағасы;

Шаяхметов - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік

Әділ Шаяхметұлы комитетінің төрағасы

мына жол:

"Саудабаев - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Қанат Бекмырзаұлы хатшысы, төраға"

мынадай редакцияда жазылсын:

"Саудабаев - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Қанат Бекмырзаұлы хатшысы - Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрі, төраға";

аталған Комиссияның құрамынан: Қ.Ш.Сүлейменов, А.С.Шабдарбаев шығарылсын;

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы № 198 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 38, 421-құжат; 2007 ж., № 11, 119-құжат; № 24, 268-құжат; 2008 ж., № 4, 43-құжат; № 20, 182-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның құрамындағы:

мына жол:

"Саудабаев - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Қанат Бекмырзаұлы хатшысы, төраға"

мынадай редакцияда жазылсын:

"Саудабаев - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Қанат Бекмырзаұлы хатшысы - Қазақстан Республикасының Сыртқы

істер министрі, төраға";

3) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 ақпандағы № 303 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 6, 44-құжат; № 39, 396-құжат; 2003 ж., № 18, 180-құжат; 2004 ж., № 4, 50-құжат; № 51, 671-құжат; 2005 ж., № 44, 578-құжат; 2006 ж., № 7, 51-құжат; 2007 ж., № 5, 62-құжат; № 26, 299-құжат; № 35, 389-құжат; № 44, 515-құжат; 2008 ж., № 20, 182-құжат; № 42, 465-құжат; № 49, 555-құжат; 2009 ж., № 27-28, 234-құжат):

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің дербес құрамына:

Шаяхметов - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік

Әділ Шаяхметұлы комитетінің төрағасы енгізілсін;

аталған Кеңестің құрамынан А.С.Шабдарбаев шығарылсын;

4) Күші жойылды – ҚР Президентінің 05.06.2025 № 898 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 05.06.2025 № 898 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. "Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдар аралығындағы Құқықтық саясат тұжырымдамасының жобасын дайындау жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 20 қарашадағы № 276 өкімінің (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 44, 496-құжат; № 49, 555-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК